

**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазавиамет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 тамыздағы N 758 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 537 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 537 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазавиамет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазаэросервис" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:  
шарт негізінде азаматтық авиацияның және басқа да ведомстволардың әуе кемелерінің ұшуын сапалы метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;  
әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және тиімділігіне  
ж ә р д е м д е с у ;

метеорологиялық жабдықтардың және басқа да техникалық құралдардың жұмысына жоғары сенімділікті қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

қоғамның жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік  
т і р к е л у і н ;

осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне берсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2006

жылғы

11

тамыздағы

N

758

қаулысымен

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-105-жолмен толықтырылсын:

"123-105. "Қазаэросервис" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N

659

қаулысында

:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген бөліммен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 300-жолмен толықтырылсын:

"300. "Қазаэросервис" АҚ".

4. **(Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.08. N 1201 Қаулысымен).**